

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



**«ЭКСПО-2017: КӘСІБИ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР» - БАЙТАНАЕВ ОҚУЛАРЫ-5**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-практической конференции  
**«БАЙТАНАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-5: ЭКСПО-2017 - ИННОВАЦИОННЫЕ  
НАПРАВЛЕНИЯ ПОДГОТОВКИ ВЫСОКОКВАЛИФИЦИРОВАННЫХ  
ПЕДАГОГОВ»**

MATERIALS  
International scientific and practical conference  
**«BAYTANAYEV'S READINGS-5: EXPO-2017 - INNOVATIVE DIRECTIONS  
OF TRAINING OF HIGHLY QUALIFIED TEACHERS»**

**II бөлім**

**Шымкент-2017**

Алимова Қ.Ш., Мусрепова А.Е. ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ӨЗДІГІНЕН ӨМІР СҮРУГЕ ДАЙЫНДАУДА ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	270
Арзымбетова Ш.Ж., Абдуллаева Н.Е. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	274
Байбақова Б.М. БАТЫРБЕК БІРІМЖАНОВТЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ХИМИЯДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	279
Байдыбекова Е.И., Абдусаметова Ж.И. МУЛЬТИМЕДИЙНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КОМПЬЮТЕРНОЙ ТЕХНОЛОГИИ.....	284
Капашева Г.А., Жанзакова Н.А. ИССЛЕДОВАНИЕ ВЗАИМОСВЯЗИ УРОВНЯ ТРЕВОЖНОСТИ И КОПИНГ – СТРАТЕГИИ У СТУДЕНТОВ.....	288
Медетбаева Г.Н., Альжанова Ш.О., Ризаева Н.Т. ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ.....	293
Умбеталиева А.М., Қуанышбек А.Е. ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН, ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ ШЕБЕРЛІГІ.....	296

#### ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ ҒЫЛЫМДАРЫ

Айдарбеков К.Д., Садибекова Э.С., Қыякбаева У.К. НЕКОТОРЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ.....	300
Битабаров Е.А., Джабаев Р.Ж., Қойшыбаева Н.И. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БАҒАЛАУ.....	304
Жұмбаев А.Б., Лауланбеков А.Б., Жунисбекова Ж.А. ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАҢА ЗАМАН ПЕДАГОГИКАНЫҢ ТӘСІЛДЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	310
Жұматаев О.К., Балабаев Е.Ш., Жунисбекова Ж.А. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	315
Куленова И.М., Комза А.М. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ МУЗЫКАЛЬНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ И.С. БАХА В СВЕТЕ СИМВОЛИКИ КУЛЬТУРЫ БАРОККО.....	320
Курбанова Д.Э. АҒЫШШЫН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	323

Жұманова А.А. ОТЫРАРДЫҢ МЕТАЛДАН ЖАСАЛҒАН БҮЙІМДАРЫ.....	327
Кемелова Қ.Ш. ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРІ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА.....	334
Сотов В.В., Колесникова Н.В., Керимбеков М.А. НЕКОТОРЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НЕОБХОДИМОСТИ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ЛИДЕРСТВА В СПОРТЕ.....	339
Хажиев М.Ш. АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҚТАРЫНДА ЕЛЖАНДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ.....	344
Агулыкова У.А. ДІН- РУХАНИ АЗЫҚ.....	346
Арынгазиева Б.Б. ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	349
Баратова Ю.С., Аманкелді А. ТӘУЕЛСІЗДІК БАСПАЛДАҚТАРЫ.....	354
Байтаева М.Р., Бүркіт Ә.Қ. «ӨЗБЕК ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» САБАҒЫНДА СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ҮЙРЕТУ.....	357
Сыздықова Г.М., Өмірхан А. ҚҰРАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭТИКАСЫ.....	363
Тулеснова Н., Будеева Д.Ж., Аманбекова А. ҚОЛӨНЕРІМІЗДІ ШЫҢДАУДА ГОБЕЛЕН ТОҚУ ӨНЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	365
Будеева Д.Ж., Тулеснова Н., Құлынбет Ж. ҚАЗАҚ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІН ШЫҢДАУДАҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	370
Даберова З.Т., Будеева Д.Ж., Төрбай Гаури ГОБЕЛЕН ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ.....	374
Даулетбекова Б.Д. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	378

кельт тайпаларының маңызды наным-сенімдерінің бір бөлшегі іспеттес, әрі күнге табынумен тікелей байланысты туындаған. Кельт тайпаларының бұл мейрамды қалайша тойлағанына сипаттама беріп өткеніміз жөн.

Бельтайн мерекесі қарсаңында ауылдағы барлық үйлердегі оттар өшірілетін. Таң сәріде ауыл тұрғындары үйлерінен шығып, тау бөктерімен малдарын айдап жоғары көтеріледі. Әдетте көш бастаушылары жадағай ақ (плащ) киінген друидтар болады. Алдын-ала дайындалған, от жағылатын жерге жеткенде, қалың қауым үнсіз таң атуын күтеді. Күн өз ұясынан көтеріле бере, ауылдың аса сыйлы адамдары алауды жаға бастайды. Салтанатты күн гимннің шырқап болғасын, алауды әуелі жиналған қауым үш рет айналып, содан соң малдарын үш рет отты айналып айдап шығады. Осы алаудан жағылған шырақтармен малдарын, жерлерін және үйлерін аластап және ошақтарында жаңа жағатын болған. Өмір сүрудің негізгі тірегі болып саналатын малдың жақсы төлдеуі мен егістің бітік болуын тілеу, табиғаттың тылсым күштеріне, әсіресе күн құдайына табыну осы орындалатын рәсімнің негізгі, әрі маңызды мақсаты болды.

Ал Шотланд аралында алау үш күн жанып тұрады, осы күндері ауылдың әрбір тұрғыны «Қайырлы таң» («Gude morgen!») деп күнмен амандасуы шарт болған. От киесі арқылы мал-жанды түрлі бөлелерден, табиғаттың тылсым күштерінен, зұлым күштерден сақтай аламыз деген наным-сенім кельт тайпалары арасында кең тараған.

Queen's Birthday (маусымның 2 – сенбісі) – Королеваның туған күні. Бұл мейрам королева отбасының және қонақтарының қатысуымен, мерекелік парадпен Уайтхоллда (Whitehall) аталып өтеді. Бұл дәстүрдің тарихы он жетінші ғасырдан бері тойланып келе жатыр. Шеруге жиналған әскер алдында мемлекет туын алып жүру рәсімі – отан қорғаушыларының жауынгерлік рухын көтеру мақсатынан шыққан. 1748 жылдан бері қарай ту алып жүру рәсімі монархтың туған күні салтанатында өткізілетін болды. Мереке кешінде ханым әскердің алдына шығып, бақылау жүргізеді, соңында мемлекет қайраткерлеріне арналған үлкен ас беріледі. Ханымның салтанатты шеруі, парламент сессиясында сөз сөйлеуі, лордтар палатасындағы жүн салынған қашықта отырған спикер, Букингем сарайы қақпасындағы ескі формадағы күзетшілер, Тауэрдегі мемлекет қорғауындағы қалалар – туристерді тарту үшін ғана емес, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, Ұлыбританияның даңқы мен айбындылығын сақтап қалу рәсімі яғни халықтық тілектен туған.

Midsummer's Day (24-маусым) – Дәстүр бойынша жылдың ең ұзақ күні. Друидтер ескі Stonehenge-ке барып, күн сәулесін бақылайды. Ер кісілер оттар жағып, сәттілік әкелсін деген ниетпен оның шоқтарынан секіріп немесе жүгіріп өтеді. Бұл – отты құдіретті күш санаудан, соған табынудан туған ырым. Друидтар Ұлыбритания, Ирландия және Франция аумақтарында б.з. 2000 жыл бұрын өмір сүрген кельттердің аса білімді қоғамның өкілдері. Латын тілінде жазылған көптеген деректерге қарасақ Кельт тайпалары ішінде друидтардың алған орны ерекше болды. Олар король қазынасынан салық төлеуден, әскери жорықтарға қайысудан толық босатылған. Сондықтан да олар бар уақыттарын құдайларға қызмет етуге арнаған. Олар дін қызметшілері, заң өкілдері ретінде қызмет еткен, друидтар арасында ақын, ұстаз, ғалымдар да кездескен. Друидтар эльф, фея, аруақтардың бар екеніне сенген. Тарихи деректерде, кельттардың наным бойынша адам баласы өлгенде «Тир нан От» атты мәңгілік жастық пен бақыт мекеніне аттанады. Оттың жануы друидтар үшін өмір символы ретінде саналған [3].

## Әдебиеттер

1. Дәуірбаева Т. Европа мен Америка елдерінің тарихы. - Түркістан, 2004.
2. Ковальский С. Ұлыбритания. - А., 1997 ж.
3. Мәшімбаев С. М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). - А., Қазақ университеті, 2009.

## ОТЫРАРДЫҢ МЕТАЛДАН ЖАСАЛҒАН БҮЙЫМДАРЫ

Жұмашова А.А.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы РМҚК, ОҚО, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, этнография бөлімінің меңгерушісі т.ғ.к.

### Резюме

*В статье рассматриваются вопросы касающиеся на предметах найденных на городище Оtrar и прилегающие к нему городище отрарско-каратауской культуры, а также на предметах народного прикладного искусства XIX-XX в.в. сделанных из металла.*

### Summary

*This article informs about the topics related to on the items found in Otrar and other towns of the region belonging to Otrar-Karatau culture. As well as the items made of metal of the 19<sup>th</sup>-and 20<sup>th</sup> centuries.*

Отырар бүкіл шығысқа кеңінен танымал, Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан қала. Сырдарияның орта ағысындағы суармалы құнарлы алқап. Отырар өлкесі Республикамыздағы өзіндік орны бар туристік орталық болып табылады. Сырдария мен Арыс өзендерінің екі жағасында бірімен –бірі иіңтіресіп тұрған тарихи-мәдени ескерткіштердің әрқайсысы өз алдына ашық аспан астындағы музей іспетті.

Көптеген тарихи деректер мен соңғы кездегі археологиялық қазба жұмыстары, зерттеулер мұнда отырықшылық пен жер өңдеудің нәтижесінде көне замандарда қала салу мәдениетінің едәуір дамығандығын дәлелдеп отыр.

Отырар жайында көне грек оқымыстысы Птолемей, араб пен парсының, түркінің жиһан кезген атақты географтары шежіреші тарихшылары Әбу Исхак әл-Истахри (899-952) Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни (X-XI ғ.ғ.), Шамс ад-Дин Әбу Абд Алла Мұхаммед әл-Мақдиси (X ғ.), Якут әл-Хамауи, Әбу Джағхар Мұхаммад ат-Табари (923), Из ад Дин Әбул Хасан Әбу Ибн әл-Асир (1161-1234), Фазлала Рашид ад – Дин Ата Малик Жуаини (1226-1283 ж.ж.) Мұхаммед бин Ахмед әл-Насауи (1245) т.б. картаға түсіріп, тарихи деректер жазып қалдырды.

Ал біздің заманымызда Отырар тарихын В.В. Бартольд, А.К.Кларе, А.А. Черкасов, А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, Ә.Марғұлан, А.Машанов, К.Ақышев, К.М.Байпаков, Л.Б.Ерзакович, А.Әлімов, А.Алғаев, Ө.Жәнібеков, Ә.Дербісәлиев, А.Жұмашов, М.Қожаев, С.Ақылбек т.б. зерттеді. Сондай-ақ әдебиет тарихында Д.Досжанов, Х.Әдібаев, О.Сүлейменов, М.Шаханов т.б. Отырар тарихына қалам тартты.

Батыс пен Шығыс, Еуропа пен Азияның мәдениетін тоғыстырған халықаралық сауда жолы – Ұлы Жібек Жолы ежелгі өнер мен діндердің таралуын, музыка, архитектура, мәдениетті өмірге әкелді. Өз құрамына кіретін халықтардың экономикасы мен мәдениетінің дамуында басты рөл атқарды.

Оңтүстік өңірі мен Жетісу қалаларында сол кездің әлемін тәңгі еткен сәулетті сарайлардың, мешіт, медресе, озық құрылыс үлгілерінің болғандығы мәлім. Сондай-ақ археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған алтын, күміс, мыс теңгелер, терракота, керамика, шыныдан жасалған заттар, киім-әшекейлеріндегі Отырар-Қаратау мәдениеті деген атпен танылған әсем ою-өрнектер қала мәдениетінің жоғары өреге көтеріліп, ғылымның дамығандығын көрсетеді.

Қазақстанның ортағасырлық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары барысында Қытай, Византия, Иран, Үндістанда соғылған теңгелер, қытай керамикасы мен фарфоры, сириялық әйнектер мен самарқандтық қыш ыдыстар т.б. заттар табылды, бұлар сол елдерден Ұлы Дала деңізі арқылы енген қазақ кеңістігіне керуендер арқылы жеткен. Заттардың әрайсысы әркімді қызықтырмай қоймайды.

Отырар аймағындағы ежелгі және ортағасырлық қалалар мен қалашықтар орындары қазір Отырартөбе, Құйрықтөбе, Көкмардан, Оқсызтөбе, Жалпақтөбе т.б. деп аталатын үйінділерге айналған. Осындай тарихи археологиялық ескерткіштерге бірнеше жылдар бойы жүргізілген зерттеулер мен қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлер мен көңіл толтырар мұраларды бір күннің бір жылдың емес ғасырлар бойығы халық мәдениетінің, өнерінің көрінісі деуге негіз бар.

Отырар өркениетінің негізі болған заттық-тұрмыстық мәдениеттік ескерткіштерінің ішінде Отырарға тән түрлі үлгідегі саз балшықтан, күйдірілген қыш ыдыстарда, металдан соғылған білезік, жүзік, сақина, сырға, қапсырма, т.б. секілді зергерлік әшекейлерде, еңбек құралдарында қазақтың қолтума өнерінің сарындары молынан байқалады. Отырардың заттық мәдениеті арқылы экономикасы, ғылымы, мәдениеті қандай болғанын біле аламыз.

Қазақ халқының өткен тұрмысында ағаш өңдеп, одан киіз үй сүйсін, ыдыс-аяқ, үй жиһаздарын, арба-шана жасау, жүн иіріп кілем, бау-басқұр тоқу, киіз басып, сырмақ сыру, маусымдық, күнделікті және салтанаттық киімдер тігу, сүйек не тастан, темірден түрлі бұйымдар қару-жарақтар, ауыл-шаруашылық құралдарын, түсті металдар мен асыл тастардан жасау, ауыл-шаруашылық құралдарын жасау түсті металдар мен асыл тастардан зергерлік әшекейлер жасау т.б. өнер түрлері кең тараған. [1; 3]

Осындай мұраларымыздың ішінде тоқталып өтетініміз металдан жасалған бұйымдар. Металдан жасалған бұйымдар тарихын В.В. Бартольд, И.А.Кастанье, И.В.Аничков, Я.И.Шер сынды белгілі ғалымдар зерттеп ғылыми еңбектер арнады. Солардың ішінде 1893-1894 ж.ж. Орта Азия мен Қазақстандағы ғылыми экспедицияны басқарып келген ірі шығыстанушы ғалым В.В. Бартольдтің еңбегі ерекше атауға тұрарлықтай.

Темір дәуірінде темір соғатын ұстаханалар пайда болып қола құю зергерлік істер өмірге келді. Темірден қорғаныс және шабуыл құралын жасалды.

Белгілі тарихшы, этнограф, тарих ғылымдарының докторы Л.Г.Гумилев темір дәуірі тұсында «Түріктердің жалпы тарих сахнасына ала шыққан мамандығы – темір өндіру ісі болатын. Олардың арғы атасы Ашина Теріскейге қашып, жужандарға темір өндіруді 546 жылы үйретті. Жужунь қағаны Анахуан түріктердің көсемін: Менің болат қорығатын тұтқыным», деп атап, түркілердің басты кәсібін айрықша атап өтті. – деп жазады.

Ертедегі тарихшылар Қазақстан аймағында мекендеген көшпелі тайпалардың түсті металл өндіргенін баяндайды. Тарих атасы деп саналатын грек тарихшысы Геродот «Тарих» атты еңбегінде «Бұл елде мыс пен алтын атқөпір. Оларда найза,

жебе, айбалта тәрізді қару жарағы және бас киімдері, белдік кісесі ат әбзелдері алтынмен қапталған деп жазды.» [2.18 б.]

XIV ғ. тарихшысы Ф.Рузбихан қолөнершілер орталығы Сырдария өңіріндегі қалалар, Орталық Қазақстан, Жетісу өңірі болған деп жазады.[3,163 б.] XIV ғ. бас жағында зерттелген орыс деректерінде Сырдария өңірлеріндегі ұсталар мен зергерлер туралы жазады. Қазақ халқында он саусағынан өнері тамған зергерлердің болғанын, олардың жасаған бұйымдары бірнеше жылдар өтсе де өңін бермей тұратыны туралы XIX ғ. өмір сүрген зерттеушілер А. Евреинов, И.Ф.Русанов, И.Я. Словцов т.б. зерттеуші ғалымдар жазып қалдырған.

Сондай-ақ XIV ғ. ұлы тарихшысы Рашид – ад- Дин Қырғыз жерлерін суреттей отырып былай деген: «Айнала түгел күміс, барлық құрыл-жабдықтар да, ыдыс та күмістен». Металдан жұмыс істейтін шеберлерді ұста, зергер, темірші, темір ұстасы деп атайды.

Қазақтың қолөнерінің негізгі түрлерінің бірі металдан жасалған бұйымдарды безендіру болды. Металл өңдеуші шебердің қолымен зергерлік бұйымдар, музыкалық аспаптардың темір бөлшектері, ыдыс-аяқтар, жиһаз, ат әбзелінің темір бөлшектері және тұрмысқа қажетті бұйымдар жасалынды.

Басқа қолөнершілер сияқты темір ұсталарының үйдің ауласында ұстаханалары болған және ескі киіз үйді де ұстаханаға айналдырып, апық аулада жұмыс істейтін. Бірақ күн суытса барлық құрал-саймандармен үйге көшетін металдан жасалған бұйымдар ірі болуына байланысты қыстауда қалып жұмыс істеген, арнайы дүкендері де болған.

Зергерлердің құрал-саймандары шағын болғандықтан жыл маусымына қарай көшіп-қонып жүрген. Қыс айларында тапсырыс мөлшері аз болатын. Ұсталар ауыл-шаруашылығына керекті құралдарын – айыр, тырма, жер ағаш, кетпен, орақ, күрек, шалғы т.б. жасауды тамаша меңгерген.

Қазақ шеберлері көбінесе жеке дара жұмыс істеді; құрал-саймандарының көпшілігін өздері жасап алды, өз өнерінің қыр-сырын баласына яки шәкіртіне үйретіп отырды. Осылай қолөнерінің озық үлгілері, әдіс-тәсілдер, жақсы тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырды.[4, 4]

Қазақ халқы қашаннан өзінің ұшы қиырсыз кең даласының табиғи-жағрафиялық жағдайына байланысты орналысып, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы ғұмыр кешті. Мал шалуашылығы, егіншілікпен айналысты, тіршілік ету барысында сапалы еңбек құралдары керек болды.

Қазақ халқының металдан жасалған мәдени мұраларының өзіндік даму тарихы бар. Ол тарих сонау тас дәуірінен бастау алады. Бұның дәлелі Қазақстан жерінен табылған археологиялық қазбалар. Бұл қазақ халқы мәдени мұраларының кезінде қазақ ұлтын құраған, қазақ елі аймағында тіршілік еткен сақ, ғұн, үйсін, қанлы, қыпшақ тайпаларының тарихи еңбегінің жемісі екенін дәлелдейді. [5, 16]

Сақтар салт атпен де, жаяу да айлакерлікпен шебер соғыса білген. Садақпен алысты көздеп дәл тигізу, найзаласу, қылыштасу, айбалтамен шабысу өнерлерін әрбір ер менгеріп алған болатын. Найзаның, жебенің, айбалтаның ұшы мен жүзін жезден жасайды да, бас киімін – дулығасын белбеуі мен шығыпшығын алтынмен аптайды. Олар таттарына жезден өмілдірік қап кигізеді. Жүгенінің ауыздығын және ноқталығын алтынмен жалатып, өрнектеп қояды. Алтын мен жезден жасалған тұрмыста тұтыну заттарының үй жиһаздарының көптігінде қисап жоқ. [6, 13 б.] Атты әскердің болуы темірден жасалынған бұйымдардың сан алуан түрін жасауды қажет

етті. Олар ат әбзелдері, ауыздық, жүген, айыл, құйысқан, ер-тоқым, үзеңгі және атты жауынгердің қолындағы қару-жарағы: найза, қылыш, қалқан, жебе, айбалта, жауынгерлерге арналған әрбір көшпендінің арнайы жауынгерлік белдігі болған. т.б.

Қола дәуірінде жылқы малына деген қажеттіліктің артуына орай ауыздық, үзеңгі құйысқан тәрізді металл қажет ететін бұйымдарды өндіру көбейе түсті. Егіншілікпен айналысу тұрмыстық құралдарға деген сұранысты арттырса, қала тіршілігі де (су құбырлары, кесенелер, керамика, шыны т.б.) әр түрлі заттарды қажет етті. Қоланың сапасы еңбек құралдары мен қару-жарақ жасауға ғана емес сондай-ақ тұрмыс заттары мен әшекейлік заттарды дайындауға мүмкіндік берді. Өмірге темірдің келуі мыс пен қола бұйымдарды ығыстырып, заттардың қару-жарақтың сапасын арттыра түсіп, қазақ елінің мемлекет болып күшеюіне әкеліп соқты. [7, 9 б.]

Шеберлер темірден ер тұрманның бөлшегі үзеңгі, әскери киім-кешектер, қару-жарақтар, құрал-саймандар жасады – олар- ара, балта, шот, қуысқұлақ, үскі, балға т.б. жасады.

Металл өндіруді басқа халықтарға қарағанда ерте игергенінің арқасында Қазақстан аймағындағы ертедегі ата-бабаларымыз сақтар өз жеріне жауды кіргізбеді.

Отырар қаласының орнынан және оның маңындағы Көкмардан, Құйрықтөбе т.б. қалашықтардың орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында және кездейсоқ металдан жасалған түрлі бұйымдар табылды, бұл да мәдениет пен экономиканың даму белгісі болды.

1985 жылғы қазба барысында Құйрықтөбедегі шеберханадан темірден жасалған заттар табылды. Қара металдан көптеген тұрмыстық шаруашылық бұйымдар дайындалды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында темірден жасалған қанжар, пышақ, шот, қайшы, күрек, шеге, кетпен, егіншілік құрал-саймандары табылды. Металды балқыту қарапайым түрде жүргізілді. Ол үшін қалың кірпіштен қаланған түтін шығатын тандырлар пайдаланылды.

1973 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы барысында Отырар төбедегі қазбадан 102 мыс теңге табылды. Бұл Оңтүстік Қазақстандағы ақша айналымының қандай дәрежеде болғандығын көрсетеді. Мыс теңгелер Оңтүстік Қазақстанның барлық жерлерінде болған. Мыс теңгелерде теңгенің шығарылған жылы, сол кездегі басшының аты жазылған. Отырардағы мыс теңгелердің айналысқа түсуі сауда-экономикалық орталық болғанын көрсетеді.

Отырардан табылған теңгелерді Р.З.Бурнашева көп зерттеген. Теңгелердің көбісі XV-XVI ғ.ғ. біршамасы XVIII ғасыр және IV-VI ғ.ғ. аралығындағы теңгелерді құрайды. Теңгелерді зерттеу барысында Қазақстан мен Орта Азия тарихына қатысты және олардың зерттеу кезеңінде металл түріне, салмағына көлеміне жылына, хандар аттарына назар аударылып отырған. XIV ғ. Әмір Темірдің жарлығы бойынша теңгелер бірнеше қалада соғылған. Ал, біздің қолдағы теңгелер Самарқанд пен Гератта соғылған болып шықты. Оның бір бетіне қалима мен датасы болса, екінші бетінде Сұлтан Махмұд хан мен Әмір Темір аттары жазылған. Кей теңгелердің ортасында Әмір Темір мемлекетінің таңбасы түсірілген. Тағы бір көмбеден шыққан 972 мыс теңгелер Яссы, Түркістан, Ташкент қалаларында XVII ғ. соғылған.

1973 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы барысында Отырар төбедегі қазбадан 102 мыс теңге табылды. Бұл Оңтүстік Қазақстандағы ақша айналымының қандай дәрежеде болғандығын көрсетеді. Мыс теңгелер Оңтүстік Қазақстанның барлық жерлерінде болған. Мыс теңгелерде теңгенің шығарылған жылы, сол кездегі басшының аты жазылған. Отырардағы мыс теңгелердің айналысқа

түсуі сауда-экономикалық орталық болғанын көрсетеді. Отырардан күміс, алтын теңгелер де табылған. Мысалы, 2004 жылы Отырартөбенің батыс жағындағы Жантықты ой алқабынан, Арыстанбаб кесене-мешітіне тауу жерден XII-XIII ғ.ғ. тән бір құмыра алтын теңге табылған.

Қазба барысында әсіресе мыс пен қоладан жасалған заттар көп табылды. Олар – ілмек, таға, сапты аяқ. Өсімдік тәрізді өрнегі бар, геометриялық өрнегі бар қасық табылды. Қоладан қақпақ та жасалды, шеберхананың құрал-саймандары жасалды. Әсіресе XIII-XV ғ.ғ. мыс пен қоладан заттар көптеп жасалына бастады.

Археологиялық қазба барысында табылған заттардың ерекше түрлері бар. Мысалы, шот Отырартөбедегі қазбадан 1995 жылы табылған ұзындығы 16 см. Темірден жасалған негізгі бөлігі толық сақталған үсті қатты тот басқан. Жебе ұшы. XVII ғ. жатады, темірден жасалыған. Шағын бөлігі сақталған, көп уақыт топырақ астында жатуына байланысты түсін өзгерткен. Отырардан 1999 жылы табылды. Ұзындығы-6,5 см, ені 1,5 см.

Шеге. Темірден жасалған XVII ғ.ғ. тән. Толық сақталған жоғарғы бас жағы үлкен болып келген. Төменгі ұшы иіліп майсқан. Биіктігі – 3,8 см, Жоғарғы жағы диаметрі 2,3 см. Отырар төбедегі қазба барысында 1999 ж. табылған ілмек. Темірден жасалған толық сақталған XVII ғ. тән ұзындығы 17,5 см. жалпақтығы 3 см. Топырақ астында жатуына байланысты тапталған. Отырардан 1999 ж. қазба барысында табылған.

Мыстан жасалған ілмек. Отырардан 1995 жылы қазба барысында табылды. Қайырылған екі шеті жіңішке ортасы жуан болып жасалған ұзындығы -2,5 см, жалпақтығы 7 мм.

Металдан тек қана шеберлердің құрал-саймандары, шаруашылық құрал-саймандарын ғана емес әшекей бұйымдар да жасады.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері зергерлік өнердің ерте кезден-ақ жоғары деңгейде болғанын дәлелдеп береді. Мысалы, Алматы облысы Есік қаласының солтүстік жағында орналасқан, «Есік» обасынан табылған б.д.д. V ғасырға жататын сақ жауынгерінің қабірі ашылды. «Есік» обасынан табылған заттардың жалпы саны төрт мыңнан астам. [8, 9 б.] Күмістен, қыштан, ағаштан жасалған ыдыстардан басқа да ағаштан өрген қабірде киімге және бас киімге тағатын алтын әшекей заттар, сырға, алтын белбеу, ұсақ моншақтар табылды. Бесшатыр обаларынан табылған моншақтар қоладан жасалған әшекейлер де өз өнерімен таңқалдырады. Атырау облысы Жылшой ауданындағы Иманқара қорымынан шыны, ақық, інжуден жасалған моншақтар. Сондай-ақ ежелгі Сарайшықтың орнынан шыныдан, түрлі-түсті тастардан жасалған моншақтар мен жүзіктер, алтын сырғалар, алтын жапсырмалар, қола сырға, қола түйме бетінде жазуы бар сақина, балықтың бейнесі бар және өсімдік тектес өрнекпен көмкерілген қола айналар сынығы, жазуы бар сердолик ілдіргілер табылған.

Батыс Қазақстан алтын адамы. Ол батыстағы Жем өзенінің сол жағалауындағы ралтөбе қорғанына 1999 жылы табылды. Ол да Қазақстандағы басқа алтын адамдар тәрізді алтын киімді және алтын бұйымдар, әшекейлермен бірге жерленген. [9, 226.]

Жалаулы алтыны Алматы облысының бұрынғы Кеген қазіргі Райымбек ауданынан 1988 жылы табылды. Жалаулы ауылы Кеген елді мекенінен батысқа қарай 30 шақырым жерде орналасқан. Табылған алтын бұйымдар саны 364, жалпы салмағы – 1 кг. 360 гр. Түркі дүниесінің түпкі қиялын ой арманын осы алтын бұйымдар арқылы көрсеткен. Мұнда бір-біріне қарама қарсы бауырын төсеп жатқан қос бұғы

бейнеленген. Олардың мүйіздері ортасында қанатты құс салынған. Жалаулы алтын бұйымдары – алтын тұяқ, құйма, алқа, бұғы бейнесі, шынжыр түймелер, белдік айыл басы, т.б. [10, 22 б.]

Қазақстанда зергерлік өнері б.э.д. II мың жылдың екінші жартысынан бастап белгілі. [11, 24 б.] Қазақ халқының ою-өрнегінің ішінде зооморфтық өрнекке жататын арқар, қошқар, бұғы мүйіздері мен арыстан, жолбарыс, балық, арқар, қыран, аққу, құстардың бейнелерін тұрмыстарғы заттарға ойып, зерлеп тоқыған, бұлар әсіресе қоладан мен мыстан жасалған зергерлік бұйымдар арқылы бізге жеткен. Жануарлар бейнесімен әшекейленген бұйымның бірі айналар Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан Отырар қаласының орнындағы Отырартөбе тарихи-мәдени ескерткішінен табылған айнардың келесі тобы арыстанның бұғы және иттің суреттері бар, диаметрі 14,2 см. болатын айнаның бұл түрі XI-XII ғ.ғ. кезеңіне жатады. [12, 171 б.] Мұндағы әшекейленген бұғы бейнесіне келетін болсақ, ол Орта Азияның түркі –моңғол өнерінде кең тараған. Бұғы киелі жануар ретінде аңыздарда көп айтылады. Мысалы, Қозы Көрпеш Баян сұлу жырында ол туралы көп айтылады. Сондай-ақ бұғы мүсіні Павлодар аймағындағы қорымдардан табылған қапсырмада кездеседі. Ал арыстан бейнесі Қазақстан өнерінде б.э.д. IV-III ғ.ғ. бері белгілі. Түркі дәуірінде арыстан бейнесі металдан жасалған, саздан жасалған жәдігерлерде кең өріс алды. Отырарда айнарлар алғашқыда Қытай, Ираннан Жібек Жолы арқылы жеткізілсе кейіннен айнардың қалыбы құйылып алынып олардың бір бөлігі Отырарда жасалына бастады. [13, 41 б.]

Зергерлік әшекей бұйымдарды арнайы қалыптарда жасап шығарды, мысалы, Отырартөбеден табылған XVI-XVII ғ.ғ. тән қалыптардың бірі сырға жасауға, екіншісі тас, агальматалиттен жасалған олар білезік құюға арналса, үшіншісі салпыншақ, төртіншісі моншақ жасауға арналған. Ал зімпара атты түрлі құралды түрлі-түсті тастарды, металды, ағашты тегістеуге, өңдеуге, тазалауға қолданатын болған.

Отырартөбеден археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған моншақтарды сердолик, яшма, нефрит, ағат, гагат т.б. түрлі-түсті тастардан жасап шығарды. Пайдаланылған тастар табиғи және жасанды болып екіге бөлінді.

Отырардан табылған зергерлік бұйымдардың келесі түрі жүзік, бірінің беті алты бұрышты, екіншісінің беті төрт жапырақты болып келген, бетіне сердолик, лазурит, нефрит көздер орнатылған. Сырғалардың жасалу ерекшеліктері бойынша ай сырғалар, дөңгелек сырғалар деп бөлуге болады. Осы тәрізді Маңғыстау өңірінде алтынмен апталған сырғалар табылды.

Зергерлік бұйымдардың тағы бір түрі білезіктердің иілген жерлері бір жері алты бұрышты, жыланбас, ромб тәрізді, өрілген білезіктер де кең тараған. Олардың бетіндегі өрнегі өсімдік тәрізді, жапырақ тәрізді болып келген. Отырардан табылған алтыннан жасалған зергерлік бұйымдар ерекше көз тартады. Олардың бір парасы мынау: XII – XIV ғ.ғ. тән құттының алтын қорабы – бес қырлы болып жасалған, түбі ашық, үсті бес қатардан айналдыра сатыланып бірте-бірте кішірейіп төбесі тәж тәрізденіп аяқталған, қақпағы бар. Әрбір қабырғасының төсегін торлап тоқыған. Қабырғаларының ортасында «гүлдесте» өрнегі бір текше көтеріліп жапсырылған, оның ортасына және айналдыра өте нәзік «гүл» өрнектері жапсырылған. Салмағы 6 грамм, 400 мг.

Күмістен жасалған заттардың бірі қыз-келіншектердің, әйелдер мен әжелердің білегіне салатын әшекей бұйымы білезіктің жыланбас білезік, зерлі білезік, жіңішке білезік, қақпа білезік, топсалы білезік т.б. бірнеше түрлері Отырар қорық-мұражайы

қорында сақтаулы. Мысалы, жыланбас білезік – жылан басты оюмен өрнектеліп, білезіктің екі ұшы жыланның басы тәріздес болып келген, ал жіңішке білезік дегеніміз күмістен енін шағын етіп жасаған білезікті айтады. Қақпақ білезік екі ұшы бір-бірімен қабысағын білезік. Топсалы білезік дегеніміз екі басы бірігетін бауыры топса арқылы ашылып жабылытын топсасы бар білезік. Олар бедерлеме, қалыптама, қара ала, тыңіке әдістерінде жасалған.

Қыз-келіншектердің құлаққа тағатын әшекей бұйымдарының бірі сырғаның да бірнеше атаулары бар. Отырар мұражайы қорындағы күмістен жасалған ел арасынан табылған XIX-XX ғ.ғ. тән сырғалардың формалары әр түрлі болып келеді. Олар қалыптама, оймыш, ширатпа, бедерлеме әдісінде жасалатын көркемдік әшекейі ерекше жарты ай бейнелі ою-өрнегі бар ай сырғалар, көлденең ұзын, әшекейлері мол болып жасалған – сабақты сырғалар, салпыншақ, шапшақты сырғалар, үшбұрышты, ромб түріндегі, геометриялық өрнектері бар сырғалар. Күміс сырғалардың үсті қара ала, тыңіке нақышпен көмкеріліп, маржанның көз қойылған. Ақық, маржанның көз қондырылған сырғалар көп кездеседі.

Қазақтың кең байтақ, ұлан ғайыр шексіз жатқан жерінің көне дәуірден бастап қазіргі ұрпағымыз өсіп-өнген дәуірімізге дейінгі кезендерде небір тарихи дәуірлерді бастан кешкені белгілі. Азаттықтың арайлы таңымен бірге бар мен жоғымзды түгендеп келер ұрпаққа аманаттау керектігі елбасының өзі ұсынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында айтылды. Осыған байланысты Отырар өңірінің мәдени мұрасын зерттеуде Отырар қорық-мұражайының қызметкерлері өз үлестерін қосып келеді.

Тарихи мұражайларда металдан жасалған бұйымдар халықтық мұра, ғасырлар бойғы халық мәдениетінің көрінісі болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шойбеков Р.Н. Қазақ колөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. Алматы: Сардар, 2012. -3 б.
2. Шардарбеков Д. Халық қазынасының айнасы, Алматы: Таймас, 2006. -18 б.
3. Маргулан А.Х. «Қазахское народное прикладное искусство». Алма-Ата, 1986 г. Стр. 163.
4. Д.Шардарбеков. Халық қазынасының айнасы. Алматы: Таймас, 2006. -16 б.
5. Садықов Б. Арғы ағамыз түп-тамырымыз. Алматы, 1997. -13 б.
6. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. Алматы, 1976. 9 б.
7. Галимжанова А.С. Глаудинова М.Б. Кишкашбаев Г.А. и др. История Искусств Казахстана. –Алматы: Издат Маркет, 2006. -24 с.
8. Байпақов К. Ежелгі және ортағасырлардағы Отырар. –А.: Қазығұрт 2007.-171 б.
9. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. –Алматы: Аруна, 2005. -41 б.
10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3 том.- Алматы: РПК «СЛОН» 2012. -444 б.